Бекітемін:

«Ақжайық» бөбекжай балабақшасының

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

Ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті



Тақырыбы: 1- қыркүйек білім күні!

«Бәйтерек» тобы

Тәрбиеші : Бабажанова Г

«1 Қыркүйек – білім күні»

Мақсаты: Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Тәрбиеші:Армысыздар құрметті Ақжайық бөбекжай балабақшасы ұжымы және балалары ,1-қыркүйек білім күні құтты болсын. Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі сабағымыз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналған. 1-ші қыркүйек күні барлық балалбақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады .Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Қазақстан Республикасының әнұраны орындалсын.

Тәрбиеші: Кішкентай сүйкімді балаларым білім күніне арналған өлең шумақтарын айтып берсе.

Жасмина: Білім менің ертенім

Оқу үшін өркенім

Жүзем оқу айдынында

Жайып білім желкенін

Шахзада: Риза етіп баршаны

Әсем әнге саламыз

Таудан биік талабы

Біз сүйкімді баламыз

А.Роза: Әлемдегі барша жұрт

Бас иеді білімге

Білім күнін қарсы алып

Қыркүйектің бірінде

Марям: Білім күні біл мұны

Ойға сәуле шашады

Баршамызға бұл күні

Бақша есік ашады

Диана: Отанның біз ұл қызы

Халақтың біз жұлдызы

Оқимыз ақын жырларын

Оқимыз еңбек сырларын

Н.Роза : Қыркүйектің бірінде

Кеудем толы дірілге

Құлақ түйем елеңдеп

Қыркүйектің бірінде

Элбек: Кел кел досым бақшаға

Естимі сің үнімді

Сауат ашып тіл дамытып

Үйренейік білімді

Жарайсыздар мінің балапандарым .

Тәрбиеші: Міне, осындай тату тәтті, бақытты мелекетте біз өмір сүріп жатырмыз. Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған қыздардың орындауында «Кітаптар биін » қарсы алыңыздар.

Балабақшам – айтар әнім,
Сан рет қайталадым.
Өзіңнен алғанымды,

Өзіне қайтарамын.- деп біздің балабақшадан тәлім тәрбие алған балалар «Ақжайық » балабақшасының мәртебесін биікке көтереді деген сенімдемін.

«Бәйтерек » тобының орындауында Үйретеді әні қабыл алыңыздар.

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу іс қызметтеріміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды.

Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз деген мақсатпен балабақшаларыңа келулеріңе тілектеспін.Баршаңызды жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Жаңа өқу жылы баршамызға табысты әрі керемет жыл болсын. Баршаңызға сәттілік тілеймін.Балабақшамыз бұдан өркейіп дами берсін! Көп көп рахмет!


1 қыркүйек
Білім күні
құтты болсын!

ЖШС –гі «Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші Б.Сансызбаев

Ашық ұйымдастырылған іс әрекет



Тәрбиеші: Г.Бабажанова

«Бәйтерек» тобы

2024-2025 оқу жылы

25- Қазан республика күні!

Ашық ұйымдастырылған іс әрекеті мақсаты: Бүлдіршіндерге өз елі,Отаны,рәміздері туралы түсінік бере отырып, оларды Отансүйгіштік,патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Міндеттері:

1.Балалардың сөздік қорларын молайту,есте сақтау қабілеттерін дамыту.

2.Балалардың халқына,ұлтына деген сүйіспеншілік,мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.

3.Туған жеріне,табиғатына қамқорлықпен,құрметпен қарауға баулу,тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі:Түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап,ойын ,қортындылау,мадақтау

Сөздік жұмыс: Республика,тәуелсіздік,рәміз,елтаңба,қыран құс,ту,ғимарат.

Көрнекілігі: ҚР рәміздері,картасы,Астана суреттері,Менің Қазақстаным !.

Іс-әрекет

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті.

Ұйымдастыру ,

сезімді ояту

1.Психологиялық сәт.

-Сәлеметсіздер ме,балалар!

-Бүгін бізге қонақтар келді.

-Қонақтармен амандасып алайық.

-Балалар, енді барлығымыз шаттық шеңберге тұрайық.

Кел бәріміз тұрайық,

Шаттық шеңбер құрайық

Армысың ,шапағатты күн – Ана !

Армысың, қайырымды аспан -Ана !

Армысың ,мейірімді жер -Ана !

Құт дарып,бар әлемді жарылқа !

2.Әнұран орындалады.

Әнұранды орындағанда міндетті түрде орнымыздан тұрып,оң қолымызды жүректің тұсына қоямыз.

Сәлеметсіз бе ,апай?

Амандасады

Балалар шеңбер болып тұрып,өлең шумағын айтып,

қимылмен жасайды.

Орындарынан тұрып,оң қолдарын жүректің үстіне қойып,әнұранды тыңдайды.

Ұйымдастыру, ізденістер

3.Жыл мезгілін,ай атын,апта күнін еске түсіру.

4.Балалар бүгінгі тіл дамыту іс-әрекетінің тақырыбы: «Жаса,жайна, Қазақстан!» деп аталады.

Батысында қар жатса.

Шығысында көктем ел.

Жеткізбейтін неткен ел.

-бұл қай ел деп ойлайсыңдар балалар? Қазақстан

-Балалар ,айтыңдаршы, Отан дегеніміз не?

-Иә,балалар, Отан деген сендер тұратын жер,үйлерің,халқымыз, біздің табиғатымыз,бізді қоршаған орта.
-Балалар,сендер қай ұлтқа жатасыңдар? қазақ
-Балалар,сендер қай тілде сөйлейсіңдер? Қазақ тілінде
Олай болса біздің Отанымыз -Қазақстан.
Отан отбасынан басталады. Әр адамның өз Отаны болады.Біз Отанымызды мақтан етеміз.1991 жылы өз тәуелсіздігімізді алып,
егеменді ел болдық.Біздің Ата Заңымыз,Ана тіліміз,өз теңгеміз бар.
-Балалар,қандай мереке келе жатыр? Республика күні
-Осы мерекені қай күні атап өтеміз?25 қазан
-Балалар , тақтаға қарай қойыңдар,сендер таныс емес затты көріп отырсыңдар.
-Бұл Қазақстан картасы.
Біздің жеріміз үлкен.Бірақ картаға кішкентай етіп салады.Картада еліміздің жері,суы, қалалары,пайдалы қазба байлықтары көрсетілген.
-Балалар ,Отан туралы тақпақ білесіңдер ме?

Дина:

Арыстандай айбаттым

Жолбарыстай қайраттым

Аспандаған байрақтың

Қанша жұлдыз жайнаттың

Қанша бұлбұл сайраттың

Қазақстан ардақтым

Марям:

Күнді құшқан қос қыран

Аясында қалқыған

Аспан түсті туым бар

Көк теңіздей шалқыған

Элбек:

Көк туым көтеріліп бағым жанып

Елтаңбам әлемге танылды анық

Шырқадым әнұранды бар дауыспен

Арманым ата заңым қабылданып

Камрон:

Өзіндікі туында

От пен ауа суында

Жаса қазақстаным

Белді бекем буында

Аділханова роза:

Жаса жаңа Астанам

Өркен жая бастаған

Болашақтың есігін

Өз қолыңмен аш маған

Нышынбаева Роза:

Бұлт баспасын күнімді

Тартылмасын Өрісің

Биік ұстау туымды

Қасиетті борышым

Мадина :

Заман жаңа заң жаңа

Күлімдейді кең дала

Өз Астанам өз ордам

Сүйенерім сен ғана

Исмаил:

Отан деген атамекен

Отан деген туған жер

Отан ана, отан үлкен

Қазақстан туған өлкем

Дамир :

Отан отбасынан басталады

Нурислам:

Отан оттанда ыстық

Икрам. Өзге елде сұлтан болғанша

Өз еліңде ұлтан бол

Мустафа: Туған жердей жер болмас

Туған елдей ел болмас

5.Ғажайып сәт.
Топқа Білгішбек келеді, амандасады.Өзін балаларға таныстырады.Қолында кішкентай сандық.
-Балалар, менің қолымдағы не зат?
-Сандық қандай?
-Түсі қандай?
-Балалар,сандықтың ішінде тапсырмалар бар,оған жауап бересіңдер ме?
Ойын: «Күннің шуағы»
Ойынның мақсаты:
Балалардың есте сақтау қабілеттерін,сөздік қорларын арттыру.
Жүйелі сөйлеуге баулу.
Ойын шарты:Тақтаға шуағын шашқан күн суреті ілінеді. Күннің шуақтарында сұрақтар жазылған. Білгішбек балаларға сұрақтарды бір- бірден оқиды.
1.Сендердің ауылдарың қалай аталады? оранғай
2. Біздің бақшамыз қалай аталады?Ақжайық
3.Елордамыз қай қала?Астана
4.Елбасымыз кім?ҚЖ Тоқаев
5.Ұлттық тағамызды ата?тенге
6. Бақшамызда қандай ұлт балалары бар? Қазақ,өзбек
7. Астанада қандай ғимарат бар?бәйтерек
9.Біз қай топтың балаларымыз? Бәйтерек тобының
Білгішбек: Мінекей балалар, сендер білімді екенсіндер,
сұрақтарға жақсы жауап беріп,топтарыңа күннің жылуын таратып,одан қуат ,жігер алып отырсыңдар,рахмет сендерге.(Білгішбек отырады)
6.Рәміздер туралы әңгімелеу.
Қазақстан Республикасының рәміздерін кім атап береді?
Тәуелсіз мемлекеттің өз Елтаңбасы,Туы,Әнұраны болады.
-Балалар,мынау біздің еліміздің Туымыз.
-Тудың түсі қандай?
Көк түс неге ұқсайды?
Тудан ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?
Сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен көмкерілген тік жолақ өрнектелген.
Тудың көгілдір ашық түсі бұлттсыз ашық аспанды,бейбітшілікті білдіреді,бүркіт тәуелсіздіктің белгісін,биікке,болашаққа самғайды.
Тудың авторы Шәкен Ниязбеков
-Мынау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы.
-Елтаңбада не бейнеленген?
Шаңырақ-ошақтың амандығын білдіреді.Отбасының негізі.Шаңырақта жан-жаққа таралған сәулелер тәрізді уықтар бейнеленген.Бұл шаңырақ пен уық елімізде тұратын халықтардың бірлігін көрсетеді.

Бекітемін:

ШЖС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы

Меңгерушіс_____Б.Сансызбаев

«Бәйтерек» тобы

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым»

Тәрбиеші: Хакимова У

2024-2025 оқу жылы

Тәуелсіздік – тұғырым

Мақсаты: Балаларды Отанымызды сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге баулу, туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, елін, жерін, тілін, тарихынқұрметтейтін жаны таза, адамгершілігі мол азаматты қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының рәміздері, Желтоқсан оқиғасы құрбандарының суреттері, гүлдер, тақырып жазылған плакат, слайд.

Жүргізуші: Құрметті балалар, әріптестер. Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болдық. Бүлдіршіндеріміз тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатыр. Өмірлерің мәнді де, сәнді болсын, аспанымызды бұлт шалмасын деген игі тілекпен Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған «Тәуелсіздік тұғырым» атты ертеңгілігімізді бастаймыз. Балалар бүгін біздің ертеңгілігімізге қатысу үшін қонақтар …
Балалар, Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбира сынды аға-әпкелеріміздің есімдері ешқашан ұмытылмайды. 1986 жылдың Желтоқсан құрбандарына тағзым етіп бір минут үнсіздікпен еске алайық.
Балалар, иә бүгінде егемен ел болдық. Ежелгі қазақ жерінде Тәуелсіз жас Қазақстан Мемлекеті көк туын желбіретіп, өзінің тарихи таңдауын жасады. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің тұңғыш президенті болып тағайындалды. Азаттық, Теңдік, Тәуелсіздік – осы үш ұғымның салтанат құруы жолында қаншама қиындықтарды бастан кешті. Тәуелсіздік алдық дегеніміз – өзіміздің жеріміз, еліміз, теңдігіміз, Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз, төл теңгеміз бар. Осындай Тәуелсіз еліміздің болашағы біздің балаларымыздың бүгінгі мерекеге арналған тақпақтары бар екен.
Элбек

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Ерекше боп мәңгілік
Ел жадында қалған күн
Мариям

Арымыздай тап-таза
Жанымыздай шуақты
Көтерілді биікке

Қазақстан байрағы

Диана

Естісін ел үніңді
Дүние түгел естісін
Тәуелсіздік туыңды
Биік көтер жас ұлан. Жүргізуші: Еліміз кең байтақ өлке. Қойнауы толған кен, жайлауы толған мал. Бай мемлекетіміз тәуелсіздікке қиыншылықтармен қол жеткізді. Нағыз ержүрек, елін, Отанын, халқын сүйген «Желтоқсан оқиғасына» қатысқан ардагер әпкеміз, ұстазымыз Омар Гүлзираны ортаға шақырамыз.
Ардагер Омар Гүлзира: Армысыңдар балалар! Мен Тәуелсіздік жолында болған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан ардагермін. Мына суреттегі Қайрат, Ләззат, Сәбира, Ербол сынды аға-әпкелерің көре алмай кеткен болашақта өмір сүріп жатырсыңдар. Ал сендер біздің еліміз туралы не білесіңдер, Желтоқсан оқиғасы туралы естулерің бар ма? Мен сендерге бірнеше сұрақтар қояйын:
1.Қазақстан Республикасының президенті кім?
Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев
Қазақстанның астанасы қай қала?
Астана қаласы
Әнұранның авторлары кімдер?
Сөзі: Нұрсұлтан Назарбаев Жұмекен Нәжімеденов
Әні: Шәмші Қалдаяқов
4. Қазақстан туының авторы кім?
Шәкен Ниязбеков
: Мемлекеттік Ту жайлы тақпақ білесіңдер ме?
5. Елтаңбаның авторлары кімдер?

Шот-Аман Уалиханов
Жандарбек Мәлібеков
Ардагер Омар Гүлзира: Жарайсыңдар балалар, сендер Қазақстан Республикасының рәміздері туралы тақпақтарды өте жақсы біледі екенсіңдер. Рахмет сендерге, менің сұрақтарыма жақсы жауап бердіңдер.

Жүргізуші: Ендігі кезекте бүлдіршіндеріміздің орындауындағы «Атамекен» әнін тамашалаңыздар.

Ән: «Атамекен»

Жасыл жайлау-түкті кілем, көк кілем,
Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем.
Айдарымнан сипап өткен самалды
Қазағымның алақаны деп білем.

Қайырмасы:

Қайда жүрсем атамекен
Көкейіңде жатады екен
Күннің өзі қимай оны
Ұясына батады екен.

Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
Көк кілемде көп ойнаймын көп күлем
Асқар тауың аспанымен таласқан
Қазағымның мәртебесі деп білем.

Қайырмасы:
Жасыл жайлау, түкті кілем көк кілем
Көк кілемде көп ойнаймын көп күлем
Күннің нұрын айдың аппақ сәулесін
Қазағымның махаббаты деп білем.
Міне құрметті қонақтар, мыңдаған жылдық тарихы бар Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, бүгінде әлемге танылды. Қазақстан Республикасы қазіргі кезде бай да бақытты, болашағы зор, тәуелсіз егеменді ел. Олай болса осындай мемлекетте тұратын бізде бақыттымыз. Елімізде әрдайым тыныштық болып, аспанымыз ашық, деніміз сау болсын. Қазақстанымыз көркейіп жайнай берсін. Қазақ елі мәңгі жасай берсін.
: Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – тұғырым» атты іс-шарамызды қорытындылау үшін «Ақ-Жайық>>бөбекжай балабақшасының Әдіскері Хуршида апайға сөз береміз.

Бекітемін:

ЖШС гі «Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші: Б.Сансызбаев

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Жаңа жыл!»

«Бәйтерек» тобы

Тәрбиеші : Бабажанова Г

Хакимова У

2024-2025 оқу жылы

(Балалар залға кіреді)

(Үйшікте кемпір мен немере қызымен отырады, музыка қосылып, сағат 12-ні соғады)

Кемпір: Е,тағы бір жаңа жыл келді. Биылғы келетін жыл Жылан жылы емес пе? Лайым, жақсылық көп болғай!

Немере: Әже! Мен сіздің қызық ертегіңізді тындағым келеді Маған ертегі айтып беріңізші.

Әже: Олай болса, мен саған Аладдиннің сиқырлы шамы туралы ертегіні айтып берейін. Ерте, ерте, ертеде шығыс елінде Аладдин деген жігіт болыпты.Оның сиқырлы шамы және ұшатын кілемі болыпты. Ол онымен ұшып жүріп бүкіл әлемді аралайды екен. Бір күні ол сен секілді бөбектердің бақшасына тап болыпты.

Немере: Әже, ертегіңіз қызық екен, сосын не болыпты?

Әже: Содан кейін не болғанын кәне мына қонақтармен бірге тамашалайық. «Восток» биі (Музыкамен Аладдин кіреді)

Аладдин: Сәлеметсіндерме, балалар! Жаңа жыл құтты болсын !

Жүргізуші: Аладдин! Өзің мұнда неғып жүрсің?

Аладдин: Мен бәрін жаңа жылмен құттықтау үшін ел аралап жүрмін.

Сендерді де жаңа жылмен құттықтап келдім.

Жүргізуші: Олай болса қонақ болып, мына балалардың жаңа жылдық тақпақтарын тында.

Балалар тақпақ айтады

Роза:

Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз

Диана:

Жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылда жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

Элбек:

Тамаша ,тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Жүр: Аладдин, біздің балалар шетінен өнерлі. Қаласаң мерекеміздің соңына дейін қалып балалардың өнерін тамашала.Жаңа жылымыз да жақындап келеді.

Аладдин: Рахмет, мен кетейін. Сендерді жаңа жылдарыңмен құттықтап, сендерге өзімнің сиқырлы құмырамды сыйға тартамын қабыл алыңдар Ал мен енді еліме қайтайын, сау болыңдар (Аладдин кетеді)

Жүр: Ал енді мерекемізді ары қарай жалғастырайық

Жүр: Балалар, мына құмыраның сиқырлы сыры неде болды екен ә! (аузын ашады) (Джин күлкісі естіледі)

Жүр: Ой, бұл кім? (құмыраны қоя салады, ішінен джин шығады)

Джин: Ха – ха! Мен бұл құмырада 300 жыл өмір сүрдім. Сендер маған бостандық сыйладыңдар, сондықтан сендердің 3 тілектеріңді орындаймын.Менің қолымнан келмейтін нәрсе жоқ. Кәне айтыңдар, қандай тілектерің бар?

1б: Біздің шыршамыздың шамы жанбай тұр, соны жағып бер.

Джин: Жарайды, сол да сөз боп па? Қазір -ақ жағып беремін

1,2,3, Шырша шамы жана түс!

(шырша жанады- балалар шапалақтайды)

Жүр: Мінеки, шыршамыздың шамы жанды. Олай болса, шыршамызға арнап әсем ән шырқайық.

Ән «Шыршаға бардық»

Джин: Ал екінші тілектерің қандай?

2б: Біз шет елдерді аралағымыз келеді

Джин: Онда мен сендерді Америка еліне апарайын, кәне көздеріңді жұмыңдар. (Музыка ойнайды)

Джин: Мінеки балалар, Америка еліне де келдік, олар да жаңа жылды тойлап жатқан секілді, қарандаршы , бәрі көңілді, би билеп жүр.

Би « Кавбой биі» Қыдырбай Дина

Жүр: Джин! Америка да әдемі жер екен. Бірақ біздің еліміз одан да керемет . Бізді өз елімізге, өз балабақшамызға апаршы.

Джин: Жарайды, кеттік онда Қазақстанға!

Жүр: Джин! Балабақшаға жеткенше балалардың тақпақтарын тыңдап барайық.

Дамир:

Тамаша ,тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Жаңа жылда ертегі

Келеме біздің бақшаға

Шахзада:

Қыстың күні көңілді

Көп қызықты көрем із

Шығып алып далаға

Сырғанақты тебеміз

Гулназ:

Ән айтамыз би билейміз

Біз көңілді баламыз

Шаршауды біз білмейміз

Тақпақ айтып, би билеп

Аяз атадан сыйлық аламыз.

Мадина:

Жаңа жылда бақшамыз

Гүлдей болып жайнасын

Аман болсын барлық бала

Шат шадыман ойнасын

Джин: Мінеки балалар,көңілді жүріп балабақшаға да келдік. Ал енді соңғы үшінші тілектеріңді айтыңдар

Зб : Біз Аяз атаны көргіміз келеді.

Жүр: Иә, Джин! Біздің балалар,Аяз атаны асыға күтіп отыр. Мына Аяз атаны сиқырлап ортаға келтірші. (шыршадан кішкентай аяз ата шығады)

Балалар: Жоқ, Аяз ата бұдан да үлкен!

Джин:. Ал сендер балалар Аяз атаны шақырыңдар.

Балалар: Аяз ата!

Джин: Мінеки балалар мен сендердің үш тілектеріңді де орындадым, ал енді мен кетейін,сау болыңдар, жаңа жылды жақсы тойлаңдар! (Джин кетеді)

Аяз ата: Амансыңдар ма балғын бөбектерім! Мен сендерге асыға келдім, өздеріңнің маған арнаған өнерлерің бар екенін де білемін.

Жүр: Хош келдіңіз аяз ата! Біз сізді қуана тосып отырмыз, біздің балаларға әкелген сыйлықтарыңыз да бар шығар?

Аяз ата: Сыйлық демекші, мен сыйлықтарды ұмытып кетпейін деп Ақшақарға табыстап едім, ол әлі келмеген бе?

Жүр: Жоқ, келген жоқ.

Жүр: Енді не істедік? Балалар сыйлықтан құр қалатын болды ма?

Аяз ата: Сендер неге мұңаясыңдар. Саспаңдар, балалар Ақшақар осы жерге келу үшін бір би билеп берсеңдер Ақшақар келеді. Қане балалар билерің барма?

Жүр: Қыздырымыздың орындауында «Снежинка» биі

Келші, келші Қарша қыз

Күтеміз сені баршамыз!

(Музыкамен Ақшақар сыйлықты алып кіреді)

Ақшақар : Сәлеметсіндерме, балалар! Аяз ата, кешіріңіз мен адасып кетіппін. Мені бір сиқырлы күш жетелеп, осында әкелді.

Жүр: Балалар, Мінеки Аяз ата да, Ақшақар да осында. Ендеше оларға өнерімізді ортаға салайық.

Өзбек биі. Шавкатова Диана қызымыздың орындауында

Жүр : Аяз ата, ақшақар сіздерді көріп көңіліміз көтерілді. Тамаша көңіл күймен сіздермен қызықты ойын ойнағымыз келіп тұр.

Ойын

Аяз ата: Сендер сыйлық алғыларың келе ме?олай болса ән шырқап беріңдер.

Олай болса сахна төріне Мубина қызымызды Ақ қоян әнімен ортаға шақырайық.

Жүр : Ата! Біздің арамызда сіз секілді кішкентай санта клаустар бар. Солар би билеп берсін.

Би «Санта»

(Аяз ата сыйлықтарды таратады)

Әжей: Мінеки, құлыным Аладдинің сиқырлы шамы туралы ертегі осындай. Ал Аладдин мен Джиннің қатысуымен болған балабақшадағы Жаңа жыл мерекесі осылай аяқталыпты.

Жүргізуші: Жаңа жыл,жаңа бақыт,жаңа өмір.Бұл күн тіршіліктің барлық иелеріне жаңа үміт ,қуаныш ,ерекше махаббат сыйлайды.Сол махаббат ,қуаныш пен үміт жыл бойы сол шаңырақта болсын.Мерекелік кештің қуанышқа толы көңілді сәттері жыл бойына әр бір шаңырақта сақталсын.Ескі жыл есіркеп,Жаңа жыл жарылқасын!

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

“Құтты болсын, әз Наурыз!”

«Барлық топтар»
Тәрбиеші:Бабажанова Гулхан

2024-2025 оқу жылы

«Құтты болсын, әз наурыз»

Жүргізуші: Армысыздар құрметті ақ жаулықты әжелер, бүлдіршіндер! Бәріміз асыға күткен Наурыз тойымызды тойлайық. Бұл күн-біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Сондай-ақ көктем мерекесі. Келген жыл басы Наурыз құтты болсын!Ұлыстың ұлы күнінде тілеген тілектеріңіз қабыл болып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

Уа, ағайын халайық,
Мұнда назар салайық!
Мерекесі халықтын
Наурыз тойы бастайық!

Жүргізуші: Ендеше мереке құтты болсын !Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын .Ұлыс күніне арналған «Қош келдің әз наурыз» ертеңгілігімізді бастаймыз!

Наурыз келді алақай,
Кел билейік балақай,
Бізде қарап тұрмайық,
Тойға шашу шашайық! **шашу шашады ,ән қосылады .**

Жүргізуші: Қош келдің жаңа жылымыз (шапалақтайды)

Жүргізуші:Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды! (Наурыз қыз музыкамен ортаға келеді)

Наурыз қыз: Мен Наурыз- қызбын
Қыздарым да қасымда
Ұлыс күнге жеттік міне, асыға
Келген жылым жақсылыққа басташы
Қуанышпен әр үйдің
Босағасын атташы

Наурыз қыз: Мен құр келген жоқпын. Қасымдағы қыздарым сіздерге би дайындап әкелді .Қабыл алыңыздар!

Би : Қамажай

Жүргізуші : Наурыз қыз көп рахмет саған ,өте тамаша билеп берді қыздарың !Төрлетіңдер, дастархан басына жайғасыңдар, ертеңгілігіміз тамашаландар!

Жүргізуші :Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.
Тақпақтар

Ендеше «Наурыз» әнін шырқайық

Жүргізуші : АСЫҚ БИІМЕН ОРТА ТОП БҮЛДІРШІНДЕРІН ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

Жүргізуші : Ой балалар, жарайсыңдар, бәрекелді!
Әндетіп Алдар келеді (Мен Алдармын, Алдармын)
Ән айтып жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатыр ма?
Жүргізуші : Иә, Алдар көңіл - күйің жақсы екен, амансың ба?

Алдар: Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын.
Иә, сараң байды алдап, мінекей Наурыз мейрамына жаңа шапан киіп көңілді келемін. (көрсетіп кояды шапанын)
Жүргізуші : Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы ал, Наурыз мейрамы құтты болсын!
Алдар: Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі асық ату ойынын, ойнауға бір дорба асықтар ала келдім.
Ойын: (Асық ойыны)
Жүргізуші: Рахмет саған Алдар. Ойының балаларға өте ұнады, кел дастархан басына төрлет.
Алдар: Рахмет (дастархан басына отырады)
Жүргізуші : Наурыз тойын бастаймыз
Бимен оны қостаймыз
БИ: «Текемет би»
Жүргізуші: Ал, құрметті халайық, шашбау тағу рәсіміне кезек берейік.
Әдемілеп немересіне наурыз мерекесіне әдемі болуы үшін ұлттық әшекейлерін шашбау және шекелекті тағып береді .

Жүргізуші: Мерекемізді әрі қарай жалғастыру үшін **ортаға Балдаурен тобының қыздарын домбыра биімен** шақырамыз:

БИ: «Ұлдар» (Аққөгершін)

Жүргізуші: Балалар, «Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам» деп қазақтың кандай салт-дәстірінде айтылады ?

Жүргізуші: Біздің халқымыз осындай тамаша, тәрбиелік мәні зор салт дәстүрге бай халық. Ал біз кезекті салт дәстүріміз тұсау кесу рәсіміне берейік. Балапанымыздың тұсауын кесуге балабақшамыздың құрылтайшысы Сәкен Әкімханұлын ортаға шақырайық

Жүргізуші: Балалар ұлттық аспаптарды есімізге түсірейік .

Оркестор Әні

Жүргізуші: Балапандарымыздың дайындаған өнерлерін тамашалайық

Жүргізуші: Жарайсыңдар керемет ойнап шықтыңдар. Әрі қарай жалғастырамыз мерекемізді.
Жүргізуші: Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Ендеше, ақ кимешекті ақ әжеміз наурыз көже әкеле жатыр. Қош келдіңіз! (музыка)
ӘЖЕ: (Қолында тостаған, наурыз көже)
- Амансыздар ма, құрметті қонақтар, балалар, көктемнің тамаша мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Наурыз құтты болсын, әр шаңырақка береке, бірлік, мәртебе әкелсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!
- Балалар, менің қолымдағы не? Онда не бар деп ойлайсыңдар?
- Дұрыс айтасыңдар. Бұл Наурыз көже. Наурыз мерекесін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Сендерге сұрақ
- Наурыз көжені неше түрлі тағам қосып дайындайды?
- 7 түрлі
- Қане атап беріңдерші?
- Сүр ет, сүзбе, бидай, құрт, тары, май, тұз
- Дұрыс айтасыңдар. Наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ерте кезде үлкен тайқазанға пісірген. Наурыз көже қаншама халықты аштықтан аман алып қалған.
- Ал, қонақтар жыл бойы тоқшылық болсын, дастарханымыз кең жайылсын деген ақ тілекпен наурыз

көжеден дәм татыңыздар.
(ата – аналар алдына үстел қою, Наурыз көже құятын тостағандар қойып, құйып береді)
Жүргізуші: Мына наурыз мерекесіне бір әдемі киіз басу биін тамашалайық

ӘЖЕ: Ой, рақмет, балалар! Өркендерің өссін, көп жасаңдар. Қандай тамаша өнер болды

ӘЖЕ: РАҚМЕТ! Сау болыңдар! Наурыз құтты болсын! (шығып кетеді)

Жүргізуші: Ортаға гүлдер тобының кеселер сылдыры қыздар биімен шақырайық

Жүргізуші: Ортада балдаурен тобының ұлдар биін тамашалаңыздар

Жүргізуші:

Наурыз тойы салтымыз
Хан болсын халқымыз дей келе бүлдіншердің дайындаған көрінісін қабыл алайық

Жүргізуші: Ат үстінде ойнаған биші жігіттерімізді қарсы алыйық Бәйге ұлдар биі

Жүргізуші: Мың бұралған қыздарымызды зор қошеметпен күтіп алайық Қыздар қазакша би

Жүргізуші: Жігіттер күштеріңізді сынап көрейікші Көтермек ойыны 2 ересек топ жарыс

Жүргізуші: Ересек топтың өнерпаздарын тамашалайық Ұлдар би

Жүргізуші: Орта топтың хас сұлуларын сахна төріне шақырсақ

Жүргізуші: Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән салып жас- кәріміз

Ән салайық бәріміз ХОР БӘЙТЕРЕК

Жүргізуші: ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР ЕНДІ СІЗДЕРДІ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ОЙНАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ ОРТАДА АРҚАН ТАРТЫС ОЙЫНЫ 2 МАД ТОБЫ

Жүргізуші: Келіңдер Наурыз тойға бәрің бүгін

Аямай өнерпаздар ән мен жырын

Тойлайық халық тойын Наурызымның

Шуағын жерге төккен бақыт күнін дей келе орта топтың қыздарын қарсы алайық МАҚТА ТҰТУ БИ

Жүргізуші: Бүгін біз Наурызды қарсы алып

Қуанышпен қауыштық

Ойын, күлкі, ән мен жыр

Шаттық сыйласын баршаға! Ортада шабандоз жігіттерімізді шақырайық ШАБАНДОЗ БИ

Жүргізуші: Қазағымның салт дәстүрлерін дәріптеп ҚАМШЫ АЛУ ОЙЫНЫН ТАМАШАЛАҢЫЗДАР

Жүргізуші: **СҰЛУДА СЫМБАТТЫ ҚЫЗДАРАМЫЗДЫҢ БИЛЕРІН ТАМАШАЛЫҢЫЗДАР** ҚЫЗДАР БИІ

Жүргізуші: **ЕР АТАҒЫН ЕЛ САҚТАР ДЕМЕКШІ БАТЫРЛАРЫМЫЗДЫҢ ҚОЛДАРЫН КҮРЕСТІРІП САЙЫСҚА ТҮСІРЕЙІК** ҚОЛКҮРЕС ОЙЫНЫ 2 ЕРЕСЕК ТОП ЖАРЫСАДЫ

Жүргізуші: Мың бұралған бишілерге назар салайық ҚАРА ЖОРҒА АҚ КӨГЕРШІН

Жүргізуші: **ЕРЕСЕК ТОПТЫҢ ӨНЕРПАЗДАРЫН ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ** АРҒЫМАҚ БИІ ҰЛДАР БИ

Жүргізуші: **АЙШЫҚ МҮЙІЗ АҚ СЕРКЕ ҚОЙДЫ БАСТАР**

ҚЫПША БЕЛДІ ЖІГІТТЕР ТОПТЫ БАСТАР

ДЕМЕКШІ ТОП ЖАРҒАН ЖІГІТТЕРІМІЗДІ СЕРКЕ КӨТЕРУГЕ ШАҚЫРАМЫЗ

2 МАД ТӨБЫ

Жүргізуші: **Ұлыс күні қазан толса**

Ол жылы ақ мол болар

Ұлы кісіден бата алса

Сонда олжалы жол болар

БАЛАБАҚШАМЫЗ КҰРЫЛТАЙШЫСЫ СӘКЕН ӘКІМХАНҰЛЫН ШАҚЫРАЙЫҚ

БАЛАБАҚШАМЫЗ ДИРЕКТОРЫ МӨЛДІР НҰРЛАНҚЫЗЫН ШАҚЫРАЙЫҚ

БАЛАБАҚШАМЫЗ МЕҢГЕРУШІСІ САНСЫЗБАЕВ БАТЫРХАН АҒАЙЫМЫЗДЫ ШАҚЫРАЙЫҚ

Жүргізуші:

Тамашаға толтырып тұнық төрді,

Жетті, Наурыз, үкілеп үміттерді,

Барша үйге бақыт боп, береке боп.

Жаңарыңнан **нұр шашып күліп келді** дей келе құрметті қонақтар, ақ жаулықты әжелер, балалар Наурыз мерекесі құтты болсын Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын. Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз өз мәрісіне жетті . Келесі Наурыз тойында кездескенше қош сау болыңыздар!

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

“Бірлігіміз жарасқан ”

«Бәйтерек тобы»
Тәрбиеші:Бабажанова Гулхан

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Бірлігіміз жарсқан».

Мақсаты:

Білімділік мақсаты: 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу. Қазақстан Республикасы басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығы туралы мәлімет беру.

Дамытушылық мақсаты: Көпұлтты Қазақстан халықның татулықпен, бірлікпен өмір сүріп жатқаны жайлы танымдық ойлауын дамыту.

Түзету мақсаты: Оқушылардың сөйлеу мәнерін қалыптастыру, тіл байлығын дамытып, ой өрісін кеңейту.

Тәрбиелік мақсаты: Ынтымаққа, достыққа, отанын сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Залды мерекеге сай безендіру.

Жүргізуші: Құрметті ата – аналар, ұстаздар, тәрбиешілер, оқушылар! Бүгінгі «Бірлігіміз жарасқан» атты мерекелік іс-шарамызға қош келдіңіздер.

Мамыр айы табиғаттың жайма шуақ мерекелік кезеңі. «Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлық пен парасаттылық ең алдымен өзімізге – қазақтарға керек» деп көргендікпен Елбасымыз айтқандай біз сияқты көп ұлтты мемлекеттің даму болашағының бір көзі – Қазақстан халықтарының бірлігі. Ұлттардың татулығы артып, қазақ елінің нығайып өркендеуіне өз үлесімізді қосайық.

Ынтымағы жарасқан берік күн.

Білдіреді болашақ ел ертеңін.

Татулық пен бірлігің арта берсін,

Құтты болсын бүгінгі мереке күн!

Ән: «Ағайынбыз бәріміз» Бәйтерек тобы

Жүргізуші: Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Жүзі басқа болғанмен жүрегі бір, тілі басқа болғанмен тілегі бір Қазақстан жерінің барлық ұланы ауыз бірлікте, туыс болуды көздейді.

Би: «Флешмоб» Балдырған тобы

Жүргізуші: Қазақстанда тұратын барлық ұлттар еліміздің ашық аспаны астында бейбіт өмір суруде. Қазақстан Республикасының Ата заңы негізінде өздерінің Отанына айналған қазақ елінде барынша қызмет етіп келе жатыр. Қазақстанның ынтымақ, бірлігі үшін біз шаттанамыз

Уа, қош келдің,

Ынтымақ күн, бірлік күн.

Берекесі заманның, тірліктің,

Ұлттар менен ұлыстардың ұйытқан.

Ұлы елімнің келбетінен нұрды ұқтым.

Жүргізуші: Қазақстан халқының бірлігі күні – достықтың, бірлік пен татулықтың, Отанымыз Қазақстан Республикасының халқы үшін жауапкершіліктің белгісі.

Болсыншы бейбітшілік жаныңы тән,

Атыңнан айналайын, алып Отан!

Әлемде, Қазақ елім өзің барда,

Мен дағы мәңгілік боп жалын атам!

Би: «Достығымыз жарасқан» Аққөгершін тобы

Жүргізуші: Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі бүгінгі таңда бейбіт өмір сүріп жатқан ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниетінің дәстүрлі, асыға күтер мейрамы

Мереке құтты болсын, туған өлкем.

Гүлдене бер бұтақ жайып, өсіп өркен!

Бүгінгі күні бізді қуантады,

Болашағың бұдан да болсын көркем!

Ән: «Достық әні» Бәйтерек тобы

Жүргізуші: Бұл күн әрбір Қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі.

Би: «Испан биі» Балдәурен тобы

Жүргізуші: Қазақстан бірлігі арқасында біз қиындықтардан өтіп, тәуелсіздігімізді нығайттық, бірлігіміздің арқасында барлық қиындықтарды жеңіп шығамыз.

Би: Қыздар тобының орындауында «Сарыжайлау» биі.

Жүргізуші: Ортақ мекен жер шары,

Төбеміз де, бір аспан.

Барлық ұлттың баласы,

Достығымыз жарасқан.

Жүргізуші: Бейбіт аспан астында достығымыз нығайып, еліміз өркендей берсін деген игі тілекпен бүгінгі мерекелік іс-шарамызға қатысқандарыңызға рахмет айтамыз. Бүгінгі мерекелік іс-шарамыз өз мәресіне жетті. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

“Ұлы жеңіс-жасасын!”

«Бәйтерек тобы»
Тәрбиеші:Бабажанова Гулхан

2024-2025 оқу жылы

«Ұлы жеңіс - жасасын!»

«Әнұран»

Тарих кеші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескермейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бәрі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес.

Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941жылы маусымның 22 - де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 - мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды.

Балапан тобы Алға Қазақстан биі

Жүргізуші: Соғыстың алғашқы күндерінен бастап - ақ Кеңес халқы жан тәнімен Отанын қорғады. Әрбір ауыл, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты.

Жүргізуші: Батырлар туралы тақпақтарды кім біледі…

Жүргізуші:

Арылтып жаудан жерінді

Табанға жаншып өлімді

Жеңіспен желпіп өмірді

Оралды ерлер көңілді

Десеңдер бұл қай күні

Тоғызыншы мамыр күні!

Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов т. б

Ол кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, еске алайық. 1 минут еске алу. (әуен ойнайды. Балдәурен тобы бүлдіршіндері гүл шоқтарымен сахнада) .

Жүргізуші:

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, балабақшада алаңсыз білім алып жатқанымыз, шаттана күлгеніміз, жайраңдап күлгеніміз - бәрі де сол Ұлы Отан соғысы Жеңісінің жемісі. Әрине, соғыс болмасын! Біздер соғыска қатысып батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз жеріміздің патриоттары болуға мүмкіндіктер бар.

Тәрбиеші: Балалар, біздің шекараны кім қорғайды? (солдаттар)

"Қазақстан сарбаздары" би Балдырған тобы.

Жүргізуші:

Азаттықтың көк туы ,

Желбіресін көгімде .

Бар жақсылық орналсын ,

Егемендік елімде .

Дей отырып , туымызды көкке көтеріп Аққөгершін тобының бүлдіршіндерін Ел қорғауға әзірміз атты әнімен сахна төріне шақырамыз.

Жүргізуші:

Бәйтерек тобының балаларынан қойылым тамашалайық . Батырларымыздың нағыз жеңісін , шыншылдығын , қазақ үшін жан беретін батырларды ағаларымыз әпкелерімізді дәріптеп жүрейік. Қайрат Рысқулбеков сот залында .

Жүргізуші:

Күншуақ тобының қыздарынан би "Синий платочек"

Жүргізуші: Соғыс бітті … Ауыр да азапты жылдар артта қалды, біздің еліміз бейбітшілікті сүйеді. Ананы – баладан, баланы – анадан айырған сұм соғыска жол жоқ …

Жүргізуші: Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды!

Олай болса келесі кезек Балдәурен тобының бүлдіршіндеріне берсек

Балдаурен тобы "Батырлар ұраны" биімен қарсы алаңыздар

Жүргізуші:

Атамнан да сұрадым,

Көкемнен де сұрадым.

Ағамнан да сұрадым,

Апамнан да сұрадым.

Тосты бәрі құлағын:

- Дұрыс, - десті, - сұрағың!

Бейбіт күні бәрі де -

Жеңіс күні, шырағым!

Жүргізуші: Гүлдер тобының бүлдіршіндерінің өнерін қабыл алыңыздар .

Гүлдер тобы вальс журавли

Жүргізуші :

Оқ астында зулаған

Туған жермен бір болып.

Жау алдында тұрды олар,

Жиырма сегіз мың болып.

Жау алдында тұрып , елін , жерін қорғаған ата -бабаларымыздың , батыр ана-әжелеріміздің мерекесі .

Батырларымызға арнап Бәйтерек тобының Ән салшы сарбазым атты биін қабыл алыңыздар .

Келесі кезекті Күншуақ тобының сері жігіттеріне берсек .

Күншуақ тобы Десанттар биімен сахна төрінде .

Жүргізуші: Балдырған тобыныңда қыздары бұл мерекелік кешке өз үлестерін қоспақ .

Сахна төрінде Балдырған тобының қыздары " Қазақтың қызымын" атты биімен қабыл алыңыздар .

Жүргізуші:

Достық бізге тым ыстық,

Бірлік-байлық, ырыс-құт.

Жарқырасын күніміз,

Жаса-жаса тыныштық.

Дей отырып сахна төріне Аққөгершін тобының ұлдарын "Десант" биімен қабыл алыңыздар .

Жүргізуші :Жеңіс күні адамзат аңсап күткен күн, айбынды күн.

Құрметті қонақтар міне зымыраған уақыттың қанатында жеңістің тағы бір көктемін атап өтіп жатырмыз .

Ұлы жеңіс сыйлаған,

Жеңісті күн, жемісті. Аталардың ерлігі,

Тойлап отсақ Жеңісті.

Гүлдер тобының бүлдіршіндерінің өнерін қабыл алыңыздар .

Сахна төрінде Гүлдер тобы бүлдіршіндері "Рухты би" атты биін қабыл алыңыздар .

Жүргізуші: Келіп жеткен мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Сансызбаев Батырхан ағайымызға берсек.

Жүргізуші: Балалар, ендігі жерде соғыстың өзі түгілі аты аталмасын, жер бетінде, бүкіл әлемде тек бейбітшілік, бейбіт өмір болсын, әрқашан күн сөнбесін!Батырлар сіздерді мерекелеріңізбен құттықтаймыз .

Бүгінгі мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті . Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

“Балғын балалар біздің болашағымыз”

«Бәйтерек тобы»
Тәрбиеші:Бабажанова Гулхан

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Балғын балалар біздің болашағымыз»

Жүргізуші:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін Халықаралық балаларды қорғау күні. Біздің балабақшада бүгін мереке. Сіздер мереке жақсы көресіздер ме?

Балалар:

- Ия.

Жүргізуші:

Бақшамызда бүгін ұзақ ойнайық,
Балаларды қорғау күнін тойлайық.
Алақай ау, алақай!
Той тойлайық, балақай!
Тақпақ айтып, кезектесіп, бір бірлеп,
Кел, қосылып ән шырқайық, би билеп!
Алақай ау, алақай!
Ән шырқайық, балақай!
Ұғып сөзін тәрбиеші апаның,
Гүл жайнаймыз аясында Отанның!
Алақай ау, алақай!
Гүл жайнайық, балақай!

- Ендеше, алдарыңызда Бәйтерек тобының бүлдіршіндері тақпақтарын айтады. Элбек.

Бала, бала, баламыз,
Бақшамызға барамыз.
Күні бойы қызыққа
Батамыз да қаламыз!

Роза.

Қиынсынып қашпаймыз,
Шынығамыз жастай біз.
Көңілді әуен сазымен
Жаттығуды бастаймыз.

Даулет.

Иілеміз оңға бір,
Иілеміз солға бір:
Тәрбиеші қарайды
Аяққа бір, қолға бір.

Жасмина.

Үйренеміз өнер біз,
Шетімізден шеберміз:
Тақпақ айтып, ән шырқап,
Билеп билеп береміз.
Мухаммад.

Әйбат жасыл ауламыз:
Көбелекте аулаймыз.
Бізге арнайы жасаған
Сырғанаймыз «таудан» біз.
Мубина.

Міне, вагон, кіреміз,
Поезбен жол жүреміз.
«кемеге» де мінеміз,
Толқындарды тілеміз.
Эляр.

«Ракетамен» ұшамыз,
Көктен әрі асамыз.
Талғат аға жолымен
Талай жұлдыз ашамыз.
Мубина.

Бала, бала, баламыз,
Бақшамызға барамыз.
Одан көп - көп қызықтар
Күнде біздер аламыз.
Ән «Қошақаным» Бәйтерек тобы.
Жүргізуші:
- Өте жақсы! Мереке күні мен сіздерге банан сыйлағым келіп тұр. (Жүргізуші себетті іздейді, таба алмайды. Орнынан хат табады.) Ой, балалар, қараңыздар! Банан салынған себет орнынан хат қойып кетіпті. Оқып көрейік.
Хат: «Сіздердің сыйлығыңыз менде! Банандарыңызды мен алып кеттім. Іздемеңдер! Таба алмайсыңдар! Қарақшы.»
Жүргізуші:
- Мәссаған! Біздің банандарымызды қарақшылар ұрлап кетіпті. Енді не істейміз, балалар? Қарақшыны тауып алып, сыйлықтарымызды қайтып алайық! Келістік пе?
Балалар:
- Ия.
Жүргізуші:

- Онда барлығымыз саяхатқа шығайық!

Көңілді әуен қосылады. Барлық балалар мен жүргізуші әуен ырғағымен бір орында жүреді.

Кенет алдарынан Мыстан кемпір кездеседі:

- Ээээй, эээээй, ээээээй! (Әрлі - берлі сыпыртқысымен жүгіріп өтеді) Ээээй, неғып жүрсіңдер?

Жүргізуші:

- Сәлеметсіз бе, Мыстан әжей! Біз қарақшыны іздеп саяхатқа шығып едік. Себебі ол біздің балаларымыздың сыйлығын сұраусыз алып кетті.

Мыстан кемпір:

- Ееее, солай де! Көңіліңіз түспесін, балалар! Мен балалардың дауысын естіп қуанып қалып едім. Мен көңілді балаларды жақсы көрем. Не істесем екен?! Олай болса би билеп алайық. Сосын мен сіздермен бірге саяхатқа шығамын!

Жүргізуші:

- Жарайды онда. Балалармен қандай би билейсіз?

Мыстан кемпір:

-«Буги - вуги» биін.

Биге Бәйтерек тобы балалары шығады.

Мыстан кемпір:

- Сіздердің әлі көңіл күйіңіз жоқ сияқты ғой! Балақайлар, мен үнемі сыпыртқыммен ұшып жүрем. Кім менімен ұшқысы келеді?

Балалар:

- Мен, мен, мен...

Мыстан кемпір сыпыртқының артына балаларды кезекпен отырғызып жүгіріп шығады. Балалар мәз болып күледі.

Мыстан кемпір:

- Ух, ах, шаршадым! Белім ай! Қарт болғасын әр жерің ауырады. Қой, мен бір тынығып алайын!

Жүргізуші:

- Жаксы, Мыстан әжей! Балалардың қасына жайғасып отыра ғой! Ал, біз саяхатты жалғастырайық.

Көңілді әуенмен Сайқымазақ кездеседі:

- Сәлем, балақайлар!

Балалар:

- Сәлеметсіз бе!

Сайқымазақ:

- Менің атым Тинки. Сіздерді мерекемен құттықтаймын! Әрқашан ата - анаңызды ренжітпейтін, ақылды балалар болуыңызға тілектеспін.

Жүргізуші:

- Рахмет, Тинки! Біз саяхаттап бара жатырмыз, себебі біздің балаларымыздың

сыйлығын қарақшы ұрлап кетіпті. Соны іздеп бара жатырмыз.

Сайқымазақ:

- Абыржымаңдар! Ол қарақшыны табамыз. Мен басқа елдерде тұратын достарыма телефон шалайын, қарақшыны табуға көмектессін.

Жүргізуші:

- Кел, балаларымызбен бірге көңіл көтер. Балаларымыз тақпақтар біледі, ән де айтады.

Тақпақтар:

Бәйтерек тобы балалары

1. Балғындардың үнінде
Көктемдегі бұлақ бар.
Балғындардың жүзінде
Жазғы жайма - шуақ бар.

2. Балғындардың көзінде
Тазалықтың сәні бар.
Балғындардың сөзінде
Даналықтың дәні бар.

3. Балғындардың ойында
Балауса арман бар ізгі,
Балғындардың ойынында
Ертеңгі істің бар ізі!

4. Әзір титтей бойымыз,
Әзір балаң ойымыз,
Тек қуамыз ойын біз.
Дегенмен де, күн санап,
Өсіп келе жатырмыз,
Беске толған батырмыз!

Жүргізуші:Балалар, сендер біздің бақытымызсыңдар. Әрқашан жүздеріңнен күлкі кетпесін! Дендерің сау, білімді әрі тәрбиелі болып өсіңдер!

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

“30-тамыз Конституция күні”

«Бәйтерек тобы»
Тәрбиеші:Бабажанова Гулхан

2024-2025 оқу жылы

1. Кіріспе бөлімі

(Зал Қазақстан туымен, шарлармен, «Конституция күні – 30 тамыз» деген жазумен безендірілген.)
Музыка ойнап тұрады. Балалар қолдарына кішкентай ту ұстап, саппен кіреді.

Жүргізуші (тәрбиеші):
– Балалар, бүгін – ерекше күн. Бұл – **Қазақстан Республикасының Конституциясы күні**. Конституция – еліміздің ең басты заңы. Ол бізге бейбіт өмір сыйлайды, достықта өмір сүруге жол ашады. Бүгін біз осы мерекені әнмен, өлеңмен және ойынмен қарсы аламыз!

2. Мемлекеттік Әнұран

Барлығы қолын жүрек тұсына қойып, қысқа нұсқада **Әнұранды орындайды**.

3. Балалардың тақпақтары

Балалар кезек-кезек шығып айтады:

- Элбек
  Конституция күнімен,
- Құттықтаймын Қазағым!
- Шаттықтың атып бұл таңы,
- Арта берсін ғажабың!
- Мубина
  Конституция күнімен,
- Елім менің жүрегім.
- Құтты болсын мерекең,
- Бар жақсыны тіледім.
- Даулет
  Қуанамын, шаттанып,
- Өзің барда Отаным!
- Конституция күнінде,
- Таусылмасын жыр,әнің.

4. Танымдық ойын – «Елімді таны»

Жүргізуші суреттер көрсетеді (Ту, Елтаңба, Әнұран, Астана, Алматы, табиғат, достықта ойнап жүрген балалар).

– Балалар, мынау не?
Балалар: «Ту!»
– Ал мынау не?
Балалар: «Елтаңба!»

– Бұл не үшін керек?
Балалар: «Біздің елімізді тану үшін!»

Қорытынды: Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың парызы.

5. Шағын көрініс – «Заң бізді қорғайды»

Рөлдер:

- Бір бала – «Заң» (қолында Конституция суреті бар).
- Бәйтерек тобы балалары.

Көрініс:
Балалар ойнап жүр, бірі жылайды.
– «Ойыншықты тартып алды!»
– «Мен ренжідім!»

Осы кезде «Заң» шығады
– «Балалар, ренжісуге болмайды! Конституцияда әр баланың құқығы бар: ойнауға, оқуға, бақытты болуға. Бір-бірлеріңді сыйлаңдар!»

Балалар:
– «Рахмет, Заң! Біз сені сыйлаймыз!»

Барлығы бірге:
– «Біз Отанды сүйеміз!»

6. Би және ән

- Балалар **«Көк тудың желбірегені»** немесе «Менің Қазақстаным» сиякты қысқа патриоттық әнді орындайды.
- Қарапайым би билейді (қолдарында кішкентай жалаушалармен).

7. Қорытынды бөлім

Жүргізуші:
– Бүгін біз Конституция күнін атап өттік. Конституция – біздің бейбіт өміріміздің кепілі. Біз Қазақстанымызды сүйеміз, қастерлейміз.

Балалар хормен:
– «Қазақстан жасасын!»

Балалар жалаушаларын бұлғап, музыка ойнайды.